

**ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТШІЛЕРДІҢ, ӘСКЕРИ ЖИЫНҒА ШАҚЫРЫЛҒАН
АЗАМАТТАРДЫҢ, ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ІШКІ ІСТЕР
ОРГАНДАРЫНЫҢ ҚАТАРДАҒЫ ЖӘНЕ БАСШЫ ҚҰРАМДАҒЫ
АДАМДАРЫНЫҢ ЖЕКЕ ӨЗІН МЕМЛЕКЕТТІК САҚТАНДЫРУ ТӘРТІБІ
ТУРАЛЫ**

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің ҚАУЛЫСЫ 4 қаңтар 1994 ж.
N 15. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999.09.28. N 1462
қаулысымен. ~P991462

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 20 қаңтардағы "Әскери қызметшілер мен олардың отбасы мүшелерінің мәртебесі және оларды әлеуметтік қорғау туралы" Заңын орындау үшін және әскери қызметшілердің, әскери жиынға шақырылған азаматтардың, ішкі істер органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдарының әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз ету мақсатымен Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Әскери қызметшілерді, әскери жиынға шақырылған азаматтарды, Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдарын қаза тапқан (қайтыс болған), зақымданған (жараланған, жарақат алған, контузияға ұшыраған) немесе олар әскери қызмет (әскери жиынды) өткеріп жүрген кезеңде ауруға шалдыққан жағдайға арнап жеке өзін міндетті түрде сақтандыру осы мақсатқа республикалық бюджеттен Қорғаныс министрлігіне, Ішкі істер министрлігіне, Ұлттық қауіпсіздік комитетіне, Ішкі әскерлер қолбасшысының басқармасына, Республика ұланына және Қазақстан Республикасының басқа да әскери құрамаларына бөлінген қаржы, сондай-ақ қарамағында осы құрамалар бар министрліктер мен ведомстволардың қаражаты есебінен жүзеге асырылады деп белгіленсін.

Сақтандыру төлемдері уақтылы және толық аударылуына жауапкершілік сақтандырушыларға жүктеледі.

Осы қаулымен көзделген сақтандыру төлемдері, мемлекеттік сақтандыру органдарының оны жүргізуге арналған, сол төлемдердің 10 проценті мөлшеріндегі шығындарын қоса, Қазақстан Республикасының мемлекеттік коммерциялық сақтандыру компаниясы басқармасының шотына аударылады.

Ағымдағы жылы сақтандыру сомасын төлеуге пайдаланылмаған сақтандыру төлемдері республикалық бюджеттің кірісіне аударылады.

2. Офицерлерге, прапорщиктерге, мичмандарға, мерзімді қызметтегі әскери

қызметшілерге, әскери қызметті контракт бойынша өткеріп жүрген әскери қызметші әйелдерге, ішкі істер органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдарына және олардың қатардағы және басшы құрамдағы адамдарына және олардың отбасы мүшелеріне төленетін сақтандыру сомасының мөлшері сол әскери қызметшілердің, қатардағы және басшы құрамдағы адамдардың лауазымы, әскери немесе арнаулы әскери атағы (бұдан былай ақшалай үлесінің жалақысы) бойынша жалақысына қарай, ал мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерге, оқу орындарының стипендия алатын курсанттары мен тыңдаушыларына, әскери жиынға шақырылған азаматтарға және олардың отбасы мүшелеріне төлеуге жататын сақтандыру сомасының мөлшері - Қазақстан Республикасының жұмысшылары мен қызметшілерінің заңда белгіленген жалақысының тиісті сақтандыру оқиғасы басталар күндегі ең төменгі мөлшеріне қ а р а й а н ы қ т а л с ы н .

Ескерту. Осы тармақта көрсетілген әскери қызметшілер, оқу орындарының стипендия алатын курсанттары мен тыңдаушылары, әскери жиынға шақырылған азаматтар, ішкі істер органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдары бұдан былай сақтандырылғандар деп аталады.

3. Сақтандырылған немесе мұрагерлік құқығы бар адамдарға сақтандыру сомасын мемлекеттік сақтандыру орындары осы қаулының 2-тармағының талаптарын ескере отырып анықталатын мынадай мөлшерде төленеді деп б е л г і л е н с і н :

а) сақтандырылған адам қызметті (жиынды) өткеріп жүрген кезеңде немесе қызметтен (жиыннан) босатылғаннан кейін жараланудың, жарақаттың, контузияның, зақымданудың немесе қызмет (жиын) кезінде душар болған аурудың салдарынан қайтыс болған жағдайда - соңғы қызмет орнындағы он жылдық ақшалай үлесі (республикалық бюджетте жыл сайын белгіленетін есепті көрсеткішінің 500 еселенген шамасына тең мөлшерде);

ә) сақтандырылған адамның мүгедектігі оның әскери қызметті (жиынды) өткеріп жүрген кезінде не қызметтен (жиыннан) босағаннан кейін бір жыл өткенге дейін әскери қызметті (жиынды) өткеріп жүрген кезінде алған жаралану, жарақат, контузия, зақым немесе ауру салдарынан болғаны анықталған жағдайда, ал Чернобыль АЭС-дегі апаттың зардабын жоюға қатысқан адамдарға - әскерден б о с а ғ а н у а қ ы т ы н а қ а р а м а с т а н :

- 1 топтағы мүгедекке - бес жылдық ақшалай үлесі (республикалық бюджетте жыл сайын белгіленетін есепті көрсеткішінің 250 еселенген шамасына тең м ө л ш е р д е) ;

- 2 топтағы мүгедекке - үш жылдық ақшалай үлесі (республикалық бюджетте жыл сайын белгіленетін есепті көрсеткішінің 150 еселенген шамасына тең м ө л ш е р д е) ;

- 3 топтағы мүгедекке - бір жылдық ақшалай үлесі (республикалық бюджетте жыл сайын белгіленетін есепті көрсеткішінің 50 еселенген шамасына тең мөлшерде) ;

б) сақтандырылған адам әскери қызметті (жиынды) өткеріп жүрген кезде мүгедектікке ұшыратпаған ауыр жаралануға (контузия, жарақат, зақымдану) душар болған жағдайда - үш айлық ақшалай үлесі (республикалық бюджетте жыл сайын белгіленетін есепті көрсеткішінің 12 еселенген шамасына тең мөлшерде), жеңіл жараланса (контузия алса) - бір айлық ақшалай үлесі (республикалық бюджетте жыл сайын белгіленетін есепті көрсеткішінің 4 еселенген шамасына тең мөлшерде);

Осы тармақта көрсетілген сақтандыру сомасы бұрын нақ осындай сақтандыру оқиғасы бойынша төленген сома есептен шығарылып тастап төленеді. Мұндай жағдайда сақтандыру сомасы басқа сақтандыру түрлері бойынша төлемдерге және келтірілген зиянға өтем жасау тәртібіндегі төлемдерге қарамастан өтеледі.

Егер сақтандырылған адамның қаза табуы (қайтыс болуы) жаралануы (зақымдануы), ауруға шалдығуы оның заңға қарсы әрекеттерінің, қасақана қылмыс жасауының, алкогольден, есірткіден және уландырғыш заттан масаюдың салдарынан, сақтандыру сомасын алу немесе әскери қызметтен жалтару мақсатымен өзін-өзі жарақаттауынан болғаны белгіленген тәртіппен дәлелденсе, сақтандыру сомасы төленбейді.

Ескерту. 3-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚРМК-нің 1996.02.28.

N 257 қаулысымен. Р960257_

4. Қорғаныс министрлігі, Ішкі істер министрлігі, Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Ішкі әскерлер мен Республика ұланының қолбасшылары, басқа әскери құрамалардың командирлері (бастықтары) әскери қызметшілердің, әскери жиынға шақырылған азаматтардың, ішкі істер орындарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдарының жеке өзін міндетті түрде мемлекеттік сақтандыруды Қазақстан Республикасының Мемлекеттік коммерциялық сақтандыру компаниясы арқылы жүзеге асырады деп белгіленсін.

Аталған министрліктер мен ведомстволар осы қаулыны жүзеге асыру жөніндегі шараларды бір ай мерзімде қолданатын болсын.

5. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік коммерциялық сақтандыру компаниясының басқармасы қолданылып жүрген "Әскери қызметшілердің, жиынға шақырылған азаматтардың, Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдарының жеке өзін міндетті түрде мемлекеттік сақтандыру тәртібі туралы" нұсқауға қажетті өзгерістер енгізісін.

6. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі әскери қызметшілердің ақшалай үлесінің және Қазақстан Республикасының жұмысшылары мен

қызметшілерінің ең төменгі жалақысы мөлшерінің арттырылуын ескере отырып осы қаулыны жүзеге асыру үшін жасалған есеп-қисапқа сәйкес жыл сайын сақтандырушыларға қаржы бөліп отырсын.

7. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Қазақстан Республикасының әскери қызметшілері мен әскери міндеттілерінің, Қазақстан Республикасы ішкі істер орындарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдарының жеке өзін міндетті түрде мемлекеттік сақтандыру туралы" 1992 жылғы 27 қазандағы N 900 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПУАЖ, 1992 ж., N 41, 610-бап) күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі